

УДК 619:616.5-002.957.7:636.2

**А. К. Джубаниязова**, магистрант,

**С. А. Алимбеков**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент,

**А. К. Кереев**, PhD доктор, аға оқытушы,

**Д. Б. Кереева**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР

## **МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА ГИПОДЕРМАТОЗЫ КЕЗІНДЕ «АВЕРСЕКТ - 3» ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАНУАРДЫҢ ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОХИМИЯЛЫҚ ҚАН КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ**

### **Аннотация**

Мақалада мүйізді ірі қараның гиподерматозы кезінде «Аверсект-3» және «Ивомек» препараттары салыстырмалы түрде зерттелген. Препараттарды қолдану кезіндегі жануарлар қанының гематологиялық және биохимиялық қан көрсеткіштері анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша «Аверсект-3» препаратының жоғарғы тиімділігі анықталды, жануарларды залалсыздандырудың интенстиімділігі 99,9% құрады. Аталмыш препаратты қолдану нәтижесінде қан көрсеткіштері қалыпты физиологиялық дәрежеге жедел жетеді.

***Түйін сөздер:** гиподерматоз, мүйізді ірі қара, қан, *H. Bovis*, экстенсивтілік, интенсивтілік.*

Ірі қара еліміздің мал шаруашылығы экономикасында маңызды орын алады. Мүйізді ірі қараның инвазиялық аурулары кезінде олардың паразитофаунасы мен әртүрлі паразиттерге қарсы препараттардың тиімділігін зерттеу қызығушылық тудыруда.

Әдебиетті ретроспективті талдау көрсеткендей ірі қарада гиподерматоз жиі кездесетіндігі анықталды [1, 2, 3, 6, 7, 8].

Әдебиеттер талдау кезінде ивермектин негізіндегі Ивомек препаратының ірі қараға қолданылуы жөніндегі мәліметтер бар. Біз осы препаратқа салыстырмалы түрде Аверсект-3 препаратын қолдануды және де препараттарды қолдану кезіндегі гематологиялық өзгерістерді зерттеуді жөн көрдік. Сондықтан да, біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында орналасқан Мүтір шаруа қожалығындағы ірі қараларға Ивомек және Аверсект-3 препаратын қолдану кезіндегі препараттардың тиімділігін және қолдану кезіндегі гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерді зерттеу болды.

### **Әдістер мен материалдар**

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында орналасқан Мүтір шаруа қожалығындағы ірі қараларға залалдануы бойынша алдын ала зерттеулер жүргізіліп, тәжірибелік топ құрылып, 20 бас ірі қара малы зерттелді.

Аверсект-3 тиімділігін зерттеу бойынша тәжірибелер 2013 ж қыркүйек – қазан айларында Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында орналасқан Мүтір шаруа қожалығында жүргізілді.

Барлық жануарлар 2 топқа бөлінді. Бірінші топта 10 бас сиыр болды. Оларға Ивомек бір рет бұлшықетке 1 мл/50 кг мөлшерінде енгізілді. Екінші топтың 10 басына Аверсект-3 препарат жоғарыда аталған мөлшерде енгіздік.

Аверсект – 3 препаратының антиэнтормоздық белсенділігі қыстың соңы және көктем айларында қарау және пальпация әдісі арқылы анықталады. Жүргізілген емнің экстенсивтілігі және интенсивтілігінің тиімділігі есептелді.

Сонымен қатар, ем басталғанға дейін және емнен кейін гематологиялық және биохимиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу үшін қан күре тамырдан алынды. Қан алынатын орын 70% спиртпен өңделді. Жалпыға бірдей әдістеме бойынша Горяев камерасын қолдану арқылы 1 мкл қанда эритроциттер мен лейкоциттер саны анықталды. Гемоглобин құрамын Сали гемометрі арқылы анықталды, лейкоцитарлық формула жалпыға бірдей әдістеме бойынша қан жұғындысында есептеледі [4, 5].

**Алынған нәтижелер мен талдаулар.**

Қарау және пальпация арқылы зерттеулер жүргізген кезде шаруашылықта дернәсілдердің бір түрі кездесетіндігі анықталды: Н. Bovis. Барлық жануарлар жоғары интенсивті дәрежеде залалданған. Осылайша, Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында орналасқан Мүтір шаруа қожалығында жануарлар басы Н. Bovis-пен залалданған.

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында орналасқан Мүтір шаруа қожалығында тәжірибе жүргізу кезінде диагнозды нақтылау үшін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің зертханасында бөгелек дернәсілдеріне зерттеу жүргізіліп, нәтижесінде дернәсілдердің Н. Bovis тұқымына жататындығы анықталды.

Аверсект-3 препаратының антиэнтомоздық белсенділігін зерттеу нәтижесінде бұл препаратты бір рет қолданған кезде екінші топтан 10 бас толықтай дернәсілден босаған, ал қалған жануарларда инвазия интенсивтілігі тез төмендеген (1 кесте).

1 кесте – Сыыр энтомозы кезіндегі Аверсект-3 препаратының тиімділігі

№ , жануар саны		Қолданар алдында ИЭ, %	Қолданар алдында ИИ (n-1)	Бөгелек дернәсілінен толық арылған мал басы саны	Қолданған соң ИЭ, %	Қолданған соң ИИ (n-1)
1(Ивомек)	10	90	3,66	8	20	0,5
2(Аверсект-3)	10	100	3,7	10	100	0

Осылайша сиырларды Аверсект-3 пен залалсыздандырудың экстенсивтілік тиімділігі 100% екендігі белгілі болды. Препаратты енгізу кезінде де жануарлар жақсы сезімталдық көрсетті және қарсы көрсетілімдер мен асқынулар тіркелген жоқ.

Емге дейін сиырлардың қанында анемия, гемоглобиннің төмендеуі, лейкоцитоз байқалды. Лейкоцитарлы формулада эозинофилия, нейтрофилия (нейтрофил ядросын солға ығысуы) және лимфопения байқалды. Сонымен қатар қалыпқа қарағанда аминдеу ферменттерінің белсенділігі артты, ол паразиттердің тіршілік өнімдерінің гепатоксикалық әсерімен түсіндіріледі.

2 кесте – Аверсект-3-пен емдеуге дейін және кейін сиырлардың қанын зерттеу нәтижесі

Препарат атауы	Эритроциттер, 10 <sup>12</sup> /мкл		Лейкоциттер, 9 <sup>2</sup> /мкл		Гемоглобин, г/л		АлАТ белсенділігі, БР/л		АсАТ белсенділігі, БР/л	
	дейін	кейін	дейін	Кейін	Дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
Қалыпта	5,0-7,5		4,5-12,0		99-129		37,9-2,2		99,4-0,8	
1 топ Ивомек	4,2	5,6	11,5	8,8	98	126,1	24	14	88	0,12
2 топ Аверсект-3	4,1	5,7	11,1	8,0	95	129	22	17	75	1,1

Ауру сиырлардың қан көрсеткіштерінің қалыпқа келуі Аверсект-3-ті қолданғаннан кейінгі алғашқы күндері байқалды, ал 15-ші тәулікте қалыпты физиологиялық дәрежеге жетті.

**Қорытынды.** Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылында орналасқан Мүтір шаруа қожалығының сиырларында гиподерматоз дернәсілдері тоғышарлық етеді, ал «Аверсект - 3» препараты бұл энтомоздар кезінде тиімділігі жоғары. Жануарларды залалсыздандырудың экстенсивтілік тиімділігі 100%. Емдеудің 15-ші тәулігінде қан көрсеткіштері қалыпты физиологиялық дәрежеге жетті.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Абуладзе К.И. и др. Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных /К.И.Абуладзе, - М. : Колос, 1989. – 128с.
- 2 Баратов Ш. Борьба против мигрирующих личинок подкожных оводов крупного рогатого скота /Ш.Баратов, -М.: С/Х Таджикистан. 1966. – №1. – С.9-10.
- 3 Воронин М.В. Оводы и меры борьбы с ними» /М.В.Воронин.:М.,Колос,1964.–132с.

4 Грунин К.Я. Подкожные оводы, фауна СССР, Насекомые двукрылые /К.Я. Грунин. М.:1962. – 194 с.

5 Непоклонов А.А. и др. Болезни животных, вызываемые оводами /А.А.Непоклонов. – М.:Колос,1980. – 112с.

6 Непаклонов А.А. Таланов Г.А. Методические указания по испытанию пестицидов, предназначенных для борьбы с эктопаразитами животных» / А.А. Непоклонов, Г.А. Грунин, М.: Колос, 1973. – С.25.

7 Приселков А.Н.и др. Ранняя терапия кожноооидовой болезни крупнорогатого скота / А.Н.Приселков. – М.: Ветеринария. 1948. – №1. – С.11-127.

8 Сидоркин В.А., Бреев К.П. Применение аверсекта при гиподерматозе крупного рогатого скота» /В.А. Сидоркин, К.П. Бреев. – М.: Ветеринария. – 2001. – №6. – С. 9-11.

9 Семенов П.В. Рекомендации по борьбе с подкожным оводом крупного рогатого скота в Новосибирской области / П.В.Семенов, Новосибирск. – 1967. – 22с.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье представлены данные исследования эффективности препаратов «Аверсект-3» и «Ивомек» при гиподерматозе крупного рогатого скота. В период применения препаратов были определены биохимические и гематологические показатели крови. В результате исследования получена высокая эффективность препарата «Аверсект -3», интенсэфективность составила 99,9%. В результате применения этого препарата в короткое время показатели крови достигали физиологической нормы.

### **RESUME**

The article provides materials about the study drugs "Oversikt -3" and "Ivomec" when hypodermatidae cattle. When using drugs were identified biochemical and hematological parameters of blood. As the result of study received high efficacy "Oversikt -3", intensifications amounted to 99.9%. The indicator of blood has reached to physiological norm in short time when use this medication.